

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
АТЫРАУ АГРАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«БЕКІТЕМІН»
Колледж директоры т.ғ.д., проф.
_____ И.И.Жанұзақов
«_____» _____ 2018 жыл

ҚР СТ ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар»

**2018-2019 оқу жылына арналған
Атырау аграрлы –техникалық колледжінің кешенді жұмыс
ЖОСПАРЫ**

Көшірмесі	Басып шығару	Дайындаған		Келісілді	
		күні	қолы	күні	Қолы
	Бірінші	М.С.Лапиденова		Директор орынбасарлары	

Атырау, 2018 жыл

2017-2018 оқу жылындағы оқу – әдістемелік жұмысының қорытындысы

Атырау аграрлы- техникалық колледжі бойынша ағымдағы оқу жылының 2 семестрінің басында барлығы 1350 студент білім алды. Оқу жылын 1335 студент аяқтап отыр, оқудан шыққандар саны - 4 студент, 26 студент – академиялық демалысқа кетті, жалпы оқудан шыққандар барлық студенттердің 2 пайызын құрайды. Жалпы студенттер контингентін сақтау «Жерге орналастыру», «Ветеринария», «Теміржол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығында жоғары деңгейде, ал ең көп оқудан шыққан студенттер «Автокөліктерді техникалық қызмет көрсету, жөндеу, пайдалану», «Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету», «Аударма ісі», «Электромеханикалық құралдарды техникалық пайдалану, жөндеу, қызмет көрсету мамандықтарында болып отыр. Бұл туралы нақты мәлімет оқу жылы басында оқу жылы қорытындысында толықтай айтылатын болады, себеп-салдарына сараптама жасалады.

Емтихан сессиясы оқу үрдісінің кестесіне сай өтіп жатыр, емтихан материалдары уақытында бекітілді, кешіктірген оқытушылар да болды, олармен түсінік жұмыстары жүргізілді, келесіде осындай жағдай қайталатын болса, әкімшілік шара қолданылатындығын ескертеміз. Барлықтарыңызға белгілі семестрге шығарылған емтихандар «Платон» ақпараттық жүйесі бойынша тапсырып жатыр, бұл жоба пилоттық болғандықтан, осы жолы «қанағаттанарлық» баға алғандар да қайта тапсыруға жіберілді, дайындалған студенттер тиісті бағаларын алды. Бұл жүйені енгізу- студенттер тарапынан да, прогрессивті ойлаушы ата-аналар тарапынан да қолдау тауып отыр, ендігі мақсатымыз- қалған студенттер мен ата-аналарға жағымды жақтарын түсіндіріп, студенттерімізді білімді болуға, еңбектенуге үйрету, өз күші мен біліміне сендіру болып отыр. Емтихан қорытындысы бойынша жалпы төмен нәтиже көрсеткен «ТОРА» мамандығының 3 курсы, 1 курстар болды. Қайта тапсыру нәтижесі әлі зерттелген жоқ, алайда қорытынды айтылады. Студенттер арасында сауалнама жүргізіледі, олардың білім беру үрдісіне қанағаттануы, оқу материалдарының сапасына қанағаттануы туралы ақпарат жиналуы, түрлі әлеуметтік топтарға жататын студенттердің пікірлері мен жағдайы зерттелуі тиіс еді, ол толықтай әлі зерттелген жоқ, назардан тыс қалып отыр.

Сондай-ақ, СМЖ мәселесі де жаңа жолға қойылды, атап айтқанда, колледж қызметінің барлық саласын реттеуге қажетті процедуралар мен Ережелер жасақталып, бекітілді. Құжаттарды рәсімдеу бірдей түрге келтірілді.

Сондай- ақ, осы уақыты аралығында қорытынды аттестаттау да өтті, алдын ала заңнамаларға сәйкес емтихан кестесі мен емтихан комиссиясы құрамы бекітілді, барлық емтихандар мен дипломдық жобаны қорғау қажетті деңгейде өтті, комиссия төрағаларының есептері жасақталып, жинақталды. Барлық төрағалар студенттер білімінің орташа деңгейде екендігін, жалпы орташа теориялық білімді атап өтті. Дипломдық жобалар бойынша материалдарды жаңарту, қорғау формасын жаңарту керек деген сияқты ұсыныс-пікірлер айтылды. Дипломдық жобаларды рәсімдеуде кейбір қателіктер кеткен, мұрағатқа тапсыруда сол қателіктерді дұрыстауға ұсыныстар беріліп жатыр. Бұл 5-10 жылға дейін сақталатын құжаттар болғандықтан, орындалу сапасына көңіл бөлуді сұраймыз.

Студенттердің жеке құжаттары туралы өткен педагогикалық кенесте айтылды, ұсыныстар берілді, топ кураторларына ескерту- кету қағазын тапсыруға келгенде топ туралы мәліметті әкеліп тапсыруларыңызды сұраймын.

Емтихан қорытындысы бойынша студенттер курстан курсқа көшіріледі, емтиханнан жақсы баға алған студенттерге шәкіртақы тағайындалады, жолақы тағайындалады, колледж бітірген студенттер колледж директорының бұйрығымен студенттер қатарынан шығарылды.

Колледжде барлығы 139 оқытушы қызмет етеді, оның 25 – бала күтімінде, 1-жеке өтініш бойынша ақысыз демалыста. 6-қызметті қоса атқарушы, барлығының білімі жоғары, жоғары санатты-24, бірінші санатты- 48, екінші санатты – 38, санаты жоқ-29.

2018-2019 оқу жылына арналған колледждің педагогикалық ұжымының міндеттері мен негізгі мақсаттары, саясаты, миссиясы.

Миссия және саясат

Колледж миссиясы – сапалы білім беру қызметіне жағдай жасау, еңбек нарығында экономиканы жаңғырту және білім мазмұнын жаңарту жағдайында салаларды кәсіби мамандармен қамтамасыз ету.

Негізгі тақырыбы, мақсаты - «Колледждің білім беру траекториясын жүйелі модельдеу негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу»

Негізгі мақсатқа жету тәсілі:

1. Нарықтық жағдайда қызмет етуге мүмкіндігі бар жаңа формация мамандарын дайындауды жалғастыру. Үздіксіз кәсіби білім беру қызметін дамыту.
2. Оқу жоспарлары мен бағдарламалары жетілдіру және жалпы білім беру стандарттарын енгізу арқылы білім беру сапасын көтеру.
3. Мемлекеттік тілде мамандар дайындау сапасын көтеру.
4. Оқытушылардың кәсіби шеберлігін және мамандар дайындаудағы жауапкершілігін көтеру.
5. Жаңа педагогикалық технологияларды игеру, ұжымда шынайы шығармашылық ахуалды, жоғарғы деңгейдегі кәсібилікті, принциптерге бағынуды қалыптастыру,
6. Жаңа типтік оқу жоспарына және бірыңғай әдістемелік тақырыпқа
 - оқу- жоспарлау құжаттарын
 - мамандықтар мен пәндерді кешенді әдістемелік қамтамасыз ету
 - оқу үрдісінің негізгі формасы – сабақты беру әдістемелерін сәйкестендіру;
7. Білім берудің ақпараттандыруды жалғастыру, мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудағы студенттердің өз бетімен жұмысын дамыту.
9. Студенттерге тәрбиелік ықпал етудің нәтижелілігін көтеру жұмысын жалғастыру.
10. Студенттердің рухан дамуына көңіл бөлу, мемлекеттік рәміздерді, адамгершілік құндылықтарды сыйлауға дағдыландыру, қазақстандық патриотизм, ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеу.
11. Салауатты өмір салтын насихаттау, сабақтардан, сыныптан тыс іс-шараларда, спорттық секцияларда моральдық және ерік-жігерді, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу.
12. Маман болуға негіз болатын өндіріс тренингтері мен практикасын ұйымдастыруды және өткізуді жетілдіру, әлеуметтік әріптестермен және жұмыс берушілермен тұрақты қарым-қатынаста болу, білім беру үдерісіне жаңа технологияларды енгізу. Жетекші кәсіпорындардың тәжірибесін насихаттау.
13. Мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында кабинеттер мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту.
14. Педагогикалық ұжым мен студенттердің мүлікті қорғауға, жатақхана нормаларын сақтауға жауапкершілігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Инновациялық басым бағыт қызметі:

- ақпараттық - білім беру жүйесін енгізу және өңдеу;
- білім беру кеңістігінде денсаулықты дамыту және қалыптастыру;
- шығармашылық педагогтар, тұлғалық белгіні енгізу және дамыту;
- ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша дуальды оқыту жүйесін енгізуді жалғастыру.

Стратегиялық мақсаттар:

- жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану;
- ішкі және сыртқы нарық үшін аса білікті мамандарды дайындау;
- отандық және шетелдік ұйымдармен серіктестік байланысты кеңейту;
- ересек халықтарды қайта дайындау және әр түрлі деңгейдегі мамандықтарды дайындауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

- кәсіптік білім беруді үздіксіз жүйеде қалыптастыру;
- жаңа буынның типтік оқу жоспарына өту шартында біліктілікті артуына байланысты ТжәнеКО мамандарды дайындау жүйесін дамыту және жұмыс істеудің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- білім берудегі сапаны басқару менеджменті жүйесін қалыптасуын онан ары қамтамасыз ету;
- заманауи ақпараттық технологияларды есепке алуды енгізуге байланысты және жаңа құзыретті жұмыс беруші сұранымына сәйкес заманауи білім беру сапасына жету;
- колледждің оқыту үрдісінің барлық субъектілерінде денсаулықты нығайту мен білім беру кеңістігінде денсаулықты жинақтау мақсатында жан-жақты дамытуды сақтау;
- дуальды жүйеде оқыту, үш жақты шарт (тапсырыс) негізінде мақсатты келісім-шарт түрінде дайындау.

Ұзақ мерзімді мақсат:

- еңбек нарығындағы талаптарға сәйкес кәсіби мамандарды дайындау мазмұны мен білім беру қызметінде тұтынушы және жұмыс берушінің сұранысын қанағаттандыру;
- жаңа мамандықтар ашу, еңбек ресурстарының талаптарын зерттеу.

Қысқа мерзімді (оперативтік) мақсаттар:

- «Жаңа буынның типтік оқу жоспарына ауысу жағдайының жұмысы» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру;
- мамандарды даярлау бойынша оқу құжаттарын (ПТП) дайындау барысы туралы күн сайын ақпараттар үйрену;
- біліктілік сертификациясы мен кәсіби құзыреттілік пен жалпы бақылау қорытындысын игеруді дайындау;
- электрондық оқу-әдістемелік құралдармен (ЭОӘҚ), электрондық білім беру бағдарламасын (ЭББ) оқу жүйесіне енгізу жолдарын (ПТП) игеру кезінде студенттердің өздік жұмысының үстем болуын қамтамасыз ету;
- жаңадан бастап жүрген оқытушыларда технологиялық оқытудың меңгеруін қамтамасыз ету;
- бітірушілердің қорытынды Мемлекеттік аттестаттау мен аралық аттестаттаудың, студенттердің әр түрлі деңгейдегі оқыту сапасының мониторингісі;
- ата-аналармен, әлеуметтік серіктестіктермен нәтижелі жұмыс;
- колледждің барлық құрылым бөлімшелерінің қызметтерінің нәтижелерін қамтамасыздандыру.

Есептер:

- «Колледж –Кәсіптілікті көрету және кәсіби қайта дайындау» білім беру траекториясының үздіксіз бағытта құрылуы, оқу үрдісін ұйымдастыру мен мазмұнын жүзеге асыру;
- білім беру үрдісінде болашақ сапаны талап етуді анықтау;
- ғылыми-зерттеу мен инновациялық әрекет арқылы, білім беру үрдісінде модульді-компетенттік амал-тәсіл талаптарын жүзеге асыру арқылы білім беру сапасын көтеру;
- колледждің білім беру үрдісіндегі маркетингтік және мониторингтік қызметін, болжамды орындаушы, сапалы басқару жүйесін құру;
- білім беру үрдісінде тұрақтылық сапа көрсеткіші мен критерийін анықтау;
- білім беру үрдісін моделдеу, кәсіби қызметті, оқытушы тұлғасын, тұлға мен бітірушінің сапасын ресурстық қамтамасыз ету;
- біліктілікті көтеру және кәсіби қайта дайындық, күндізгі және қашықтықтан оқыту түрлерін, оқу үрдісінде жаңа технологияларды сабақпен алмастыруды енгізу және дайындау;
- ғылыми әдістемелік және оқу-әдістемелік базасын (электрондық білім беру ресурстарын өңдеу (ЭБРӨ) құралдарды, оқу-әдістемелік кешендерді жарыққа шығару: электрондық құралдар, дәрістердің электрондық курстары, электронды оқулықтар, мультимедиялық бағдарламалар, презентацияларды жетілдіру);
- жаңа буында типтік оқу жоспарына сәйкес модульді-құзыреттілік амал-тәсіл негізінде жаңа оқу-әдістемелікпен қамтамасыз (ОӘҚ) етудің үрдісін дайындауды өңдеу;

- зертханалар мен атаулы оқу кабинеттерін жабдықтауды және қайта құруды жалғастыру, ақпараттық негізде және оқу-өндірістік замануи технологияда жаңа оқу – зертханаларын құрастыру;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді және компьютерлік парктерін жаңартуды жалғастыру;
- әртүрлі формада колледжің әкімшілік-шаруашылық қызметкерлер құрамын, педагогтар мен әдіскерлердің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту және оқу үрдісі жолында жүзеге асыру, кадрлық қамтамасыз етудің сапасын арттыру;
- студентті адамгершілікке және өнегелі принциптер негізінде тәрбиелеу;

КОЛЛЕДЖДІҢ ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

2018-2019 оқу жылына арналған барлық шаралардың бірыңғай өткізілетін күні – Жұма деп белгіленсін.

Апта	Күн	Шаралар
БІРІНШІ	Сәрсенбі	- тәрбие жұмысы бойынша шаралар (айына 1 рет топ жиналысы)
		- сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің отырысы
		- старостат отырысы (ай сайын)
		- ішкі колледждің бақылауы бойынша комиссия отырысы (жеке жоспар бойынша).
ЕКІНШІ	Сәрсенбі	- ПЦК отырысы (ай сайын, жеке жоспар бойынша
		-азаматтық қорғаныс бойынша сабақ (2 айда 1 рет)
ҮШІНШІ	Сәрсенбі	- педагогикалық қызметкерлердің аттестаттау комиссиясының отырысы (қазан, сәуір)
		- колледждің Жалпы жиналысын өткізу (жылына 1 рет)
		- «Педагогикалық шеберлік мектебін» өткізу (2 айда 1 рет)
ТӨРТІНШІ	Сәрсенбі	- Педагогикалық Кеңес отырысы (2 айда 1 рет)
		- колледждің Әдістемелік Кеңес отырысын өткізу (2 айда 1 рет)
		-Қамқоршы Кеңестің отырысы (тоқсандықта 1 рет)
		- құжаттар бойынша сараптама комиссиясының отырысы (жылына 2 рет)

«БЕКІТЕМІН»
Колледж директоры,
т.ғ.д., профессор
И.И.Жанұзақов

 « _____ » _____ **2018 ж.**

2018- 2019 оқу жылына арналған Атырау аграрлы- техникалық колледждің Педагогикалық кеңесінің жұмыс жоспары

Колледждің педагогикалық кеңесінің негізгі бағыттары:

- Колледждің перспективті дамуын және оның материалды-техникалық базасын анықтау;
- Оқу жылы және семестр бойынша колледж жұмысының қорытындысын талдау, қызмет мониторингін және педагогикалық ұжым алдында тұрған мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартына сай жаңа экономикалық жағдайда жұмыс жасай алатын құзыретті мамандарды дайындау сапасын қадағалау;
- Оқытушылардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру, оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, жұмыс тәжірибесін жалпылау және бөлісу;
- Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық әдістерді ұйымдастыруды енгізу;
- Әлеуметтік серіктестіктерді дамыту, практиканы ұйымдастыру және түлектерді жұмысқа орналастыру;
- Қазіргі қоғамға бейімделген және әлеуметтік жетістікке дайындалған жан-жақты тұлғаны тәрбиелеу.

№	Күн тәртібінде	Жауаптылар
	28 тамыз 2018 жыл, №1 отырыс Тақырыбы: «Сапалы білім, тәрбие берудегі мемлекеттік саясаттың басымдылықтары»	
1	Оқу жылын ұйымшылдықпен бастау. Колледждің кешенді жұмыс жоспарын бекіту.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	Педагогикалық кеңес құрамын, директор жанындағы мәжіліс, әдістемелік кеңес жоспарларын бекіту	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Колледждің тәрбие жұмысы жоспарын бекіту. Ішкі тәртіп Ережесін бекіту.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4	Жаңа оқу жылына талапкерлерді қабылдау қорытындысы туралы	Ж.Рысқалиев, жауапты хатшы
5	Әр түрлі.	Директор
	28 қазан 2018 жыл, №2 отырыс Тақырыбы: «Білім сапасының мониторингі»	
1	Алдыңғы Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	«Платон» бағдарламасын енгізу жағдайына сараптама	«Білім сапасын бағалау және бақылау, қашықтықтан оқыту» орталығының меңгерушісі, ЕТ ПЦК меңгерушісі

3	Оқу үрдісінің тиімділігі сапалы білімнің мониторинг жүйесіне әсер етуі (білім сапасының алғашқы қорытындылары) Сапа менеджменті жүйесі бойынша аудит қорытындысы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
4	Бірінші курс студенттердің әлеуметтік мониторингісі және мекемеге дағдылануының қорытындысы	Психолог, әлеуметтік педагог
5	Сабаққа қатысуының мониторингісі	Оқу бөлімі
6	Аккредитациядан өтуге дайындық мәселесі	Әдіскер
7	Әр түрлі	Директор
	25 желтоқсан 2018 ж, №3 отырыс. Тақырыбы: «Тұлғаны тәрбиелеуге тәжірибелік оқытудың әсері»	
1	№2 Педагогикалық кеңестегі қабылданған шешімнің орындалуының ақпараты	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	Дуалдық оқыту жүйенің дамыту және қазіргі кездегі жағдайы	Директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары
3	Оқушылардың контингентін сақтап қалу бойынша топ жетекшісінің жұмысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4	Спорттық секциялардың, клубтардың және үйірмелердің жұмысы	ПЦК жетекшісі
5	Құқық бұзушылықты алдын-алу бойынша жұмыс	Психолог
6	Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуге жағдай жасаудағы колледж оқытушыларының кәсіби күзіреттілігі (Аралық аттестаттаудан өтуге техникалық құралдар мен білім сапасын бақылау материалдарының дайын болуы)	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
7	Әр түрлі	Директор
	25 ақпан 2019 жыл. № 4 отырыс Тақырыбы: «Оқу-тәрбие үрдісін технологиялық қамсыздандыру негізінде оқытылатын сабақтардың сапасын арттыру»	
1	№3 Педагогикалық кеңестегі қабылданған шешімнің орындалуы туралы ақпарат	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	1 семестр қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасын саралау	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Кабинеттер мен зертханалардың жай-күйі туралы.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
4	Педагогтардың кәсіби күзіреттіліктерін арттыру – қазіргі кәсіптік білім беруді ұйымдастыруды дамытуға қажетті жағдай жасау	Директордың ғылыми әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары
5	Колледждегі спорттық-бұқаралық және әскери-патриоттық жұмысының жағдайы	БӨД жетекшісі
6	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында өткен қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың нәтижесі туралы.	Қысқа мерзімді курстар жетекшісі
7	Әр түрлі.	Директор
	25 сәуір 2019 ж., №5 отырыс. Тақырыбы: «Білім беру сапасын арттыру бойынша педагогикалық ұжымның ұйымдастыру жұмысы. Тәжірибе. Мәселелер. Перспективалар»	
1	№4 Педагогикалық кеңестегі қабылданған шешімнің	Директордың оқу ісі

	орындалуы туралы ақпарат	жөніндегі орынбасары
2	Педагогикалық диагностика – заманауи сабақты басқарудың маңызды құралы	Дагарова Ұ.М.
3	Заманауи педагогикалық технологиялардың мүмкүндіктерді қолдану білім беру сапасын артыру	Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары
4	Сырттай білім беру жүйесі бойынша пед,ұжымның формасын жетілдіру және әдістерді қолдану	Бөлім меңгерушілері
5	Тәжірибенің өткен бағдарламасы бойынша практикалық оқыту сапасын талдауы. Әлеуметтік серіктестіктермен келісім-шартты орындауы.	Директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары
6	Педагогикалық диагностика – заманауи сабақты басқарудың маңызды құралы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
7	Заманауи педагогикалық технологиялардың мүмкүндіктерін қолдану - білім беру сапасын арттыру негізі.	Әдіскер
8	Сырттай білім беру жүйесі бойынша пед,ұжымның формасын жетілдіруі және әдістерді қолдануы	Бөлім меңгерушілері

Құрған:

М.С.Лapidенова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

«БЕКІТЕМІН»
Колледж директоры,
т.ғ.д., профессор
И.И.Жанұзақов
 « ____ » _____ **2018 ж.**

Колледж контингентін сақтауға байланысты жұмыс жоспары

р/№	Іс- шара	Мерзімі	Жауапты
	I. Кәсіптік бейімдеу жұмысы		
1	Қала мектептерінде кәсіптік бейімдеу жұмысын жүргізу - қала мектептерінде, - қысқа мерзімді курстарда білім алудың мүмкіндіктері; - колледжде ашық есік күндерін өтізу;	Жыл бойына Ақпан айынан бастап	Кәсіптік бейімдеу тобы
2	9 сынып оқушылардың түлектерін шақырумен мерекелік іс-шаралар өткізу: - информатика бойынша - ағылшын тілі бойынша - қазақ тілі бойынша сайыстар өткізу;	Сәуір- мамыр	ЕТ, физмат ПЦК Тілдер ПЦК
3	Құқық бұзушылыққа және сабақты жіберуге үйір оқушыларды айқындау	Үнемі	Кәсіптік бейімдеу тобы
4	Колледж БАҚ арқылы мақалалар жариялау	Наурыз- мамыр	Әдістемелік кабинет
5	- Білім күнін өткізу; - Топ сағаттарын; «Сенің болашақ мамандығың» «Колледж оларды мақтан етеді» «Әркімнің өзіндік білім алу шыңы»	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6	Оқытушылардың жеке жұмысын жоспарлау және студенттердің білім деңгейін бақылау мақсатында нөлдік бақылау жұмыстарын өткізу	Қыркүйек	Бөлім меңгерушілері
7	Топ жетекшілерінің топтың әл-ахуалын анықтау мақсатында сабаққа қатысы	Үнемі	Топ кураторлары
8	Сынып жетекшінің қатысуымен оқушыларды бақылау (сабаққа кешігу, себепсіз босату, қолданған шаралар)	Үнемі	Нәтижесі бойына құқық бұзушылық кеңесіне салу
9	«Сенің қызуғышылықтарың» атты оқушыларды сауалнамалар өткізу	Ай сайын	Психолог
10	Ата-аналар комитетінің отырыстарын өткізу	Жоспар бойынша	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары
11	Колледждің клубтарына, секцияларына, үйірмелеріне студенттерді 100% тартылуын қамтамасыз ету	Үнемі	Дене тәрбиесі ПЦК
12	Сыныптан тыс шаралардың апта сайын өтуін бақылау	Үнемі	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары

Құрған:

М.С.Лапиденова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

«БЕКІТЕМІН»
Колледж директоры, т.ғ.д., профессор
_____ **И.И.Жанұзақов**
« ____ » _____ **2018 ж.**

2018-2019 оқу жылының колледжішілік бақылау жұмысы

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІН БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫНЫҢ МАҚСАТЫ: Колледждің іс-әрекетін ескерту, кемшіліктерін жою және анықтау, оқу-тәрбие үрдісін жақсартуды іздестіру, тәртіпті нығайту және оқытушылардың жауапкершілігін күшейту, оқушылар мен қызметкерлердің өз істерінің нәтижелері арқылы жан-жақты жетілдіру.

МІНДЕТТЕРІ: оқытып шығаратын мамандардың сапасын бақылау, оқу, тәрбиелеу, дамыту процесін ұйымдастыру. Колледж әкімшілігінің, облыстың білім беру департаментінің, білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарын кәсіптік білім беру саласындағы үкіметтің шешімін орындау сапасы және күнделікті барысының талдауы.

Айы	Тақырып	Мақсат	Бақылау түрі	Нәтиже қаралатын орын	Жауаптылар
Тамыз	1.Колледждің жаңа оқу жылына дайындығы туралы. 2. Колледждің жаңа оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту. 3. Педагогикалық қызметкерлердің жаңа оқу жылына тарификацияларын бекіту. 4. 2017-2018 оқу жылында аттестациядан өткізілетін оқытушылар тізімін бекіту	Жаңа оқу жылындағы колледждің ісі мен міндетін орындау	Жаппай	Педагогикалық кеңес	Директор, орынбасарлары
Қыркүйек	Кешенді жұмыс	Құжаттамаларды	Жаппай	Директор	Директордың оқу ісі

Колледждің ішкі құжаттамалардың жағдайы	жоспарларын, бұйрықтар кітабын, алфавит кітабын жүргізу.	жүргізу сапасы		орынбасарлары жанындағы отырыс	жөніндегі орынбасары
Оқыту сапасы	<p>1. Сабақ кестесін құрастыру.</p> <p>2. Жалпы білім беретін пәндерден нөлдік кесінді талдауы.</p> <p>3. Циклдық пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын түзету.</p> <p>4. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды, зертханалық және тіркелген бақылау жұмыстарын бекіту және қарастыру.</p> <p>5. Оқытушылардың өздігінен білім алу жоспарларын қарастыру.</p>	<p>Оқушылардың оқу деңгейлерін, пәндерден білім, шеберлік және дағдыларының деңгейін анықтау.</p> <p>Оқу-жоспарлау құжаттарын дайындау.</p> <p>Оқу-жоспарлау құжаттарын дайындау.</p> <p>Оқытушылардың біліктіліктерін арттыру</p>	<p>Жаппай</p> <p>Кіріспе бақылау</p> <p>Тақырыптық бақылау</p> <p>Тақырыптық бақылау</p>	Директордық оқу ісі жөніндегі орынбасары жанындағы отырыс	Директордық оқу ісі жөніндегі орынбасары
Тәрбиелеу үрдісінің сапасы	Оқуға жаңадан келіп түскен оқушыларды ортаға бейімдеу жұмысын ұйымдастыру	Оқуға жаңадан алынған оқушыларға жақсы жағдай жасау	Жаппай	Директордық тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жанындағы отырыс	Директордық тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары
Әдістемелік жұмыс жағдайы	<p>1. Әдістемелік кеңес жұмысының жоспарын бекіту.</p> <p>2. ПЦК жұмысының жоспарын бекіту</p>	Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.	Жеке	Әдістемелік кеңес	Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, ПЦК төрайымы
Кабинеттер жұмысы	Кабинеттер жұмысының жоспарын бекіту	Оқу жылының басталуына кабинеттерді дайындау	Жеке	Әңгімелесу	Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, ПЦК

					төрайымы, каб. меңгерушілері
Колледждің тазалық жағдайы	Оқу жылына дайындық	Оқу жылына дайындық	Жеке	Әңгімелесу	Директор
Қазан Колледжішілік құжаттамалар жағдайы	Жеке істерді, оқу журналдарының толтырылуын тексеру	Құжаттарды толтырудың дұрыстығы және ұқыптылығы	Шолу	Жеке	Директордық оқу ісі жөніндегі орынбасары, бөлім еңгерушілері
Оқуға жаңа қабылданған студенттер сапасы	2017-2018 оқу жылында оқушыларды оқуға қабылдау қорытындысының анализі	Қабылдау сапасы және сапалы қабылдауды ұйымдастыруды анықтау. Кәсіптік бағдар беретін жұмыстың негізгі жолдарын анықтау.	Тақырыптық	Педагогикалық кеңес	Қабылдау комиссиясының хатшысы, директор
Оқу үрдісінің сапасы	Оқытушыларды аттестаттауға дайындау	Педагогикалық қызметкерді біліктілік талаптар сай біліктілік деңгейін анықтау	Жеке	Аттестаттау комиссиясының отырысы	Аттестаттау комиссиясы
Таңдап алған мамандыққа деген қызығушылығын тәрбиелеудің сапасы	1. Оқушылардың білімділігінің жоғары көрсеткішке жетуіне психологиялық дайындықты қамтамасыз ету- жалпы мәдениетті және кәсіби даярлаудың жеке бірлігін дамыту ретінде 2. Оқушылардың таңдап алған мамандыққа тұрақты қызығушылығын, оқу материалын саналы білуге, ұжымдық шешімді қабылдауды жетілдіруді, кәсіптік шығармашылықты ойлауды дамытуды	1. Жалпы білім беру нәтижесінің жетістіктері 2. Таңдап алған мамандыққа деген қызығушылығын тәрбиелеу.	Жеке	Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасарымен отырыс	Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, психолог

	қалыптастыру 3. Болашақ мамандардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру және патриоттық тәрбие беру				
Оқу-өндірістік жұмыс жағдайы	Мамандарды дайындау сапасының әлеуметтік серіктестік рөлін арттыру	Жеке тақырыптық дипломдық жобалаудың әзірлемесі	Жеке	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жанындағы отырыс	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері
Әдістемелік жұмыс жағдайы	Жас оқытушылардың сабақ жүргізу әдістері	Қолданылған әдістер мен тәсілдердің нәтижелілігін анықтау	Жеке	Жеке	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдіскер, ПЦК
Оқу-өндірістік жұмыс жағдайы	Кәсіптік оқытудың тиімділігі, өндірістік-технологиялық практикадан өту	Практикада қолданылған әдістер мен тәсілдердің нәтижелілігін анықтау	Жеке	Жеке	Директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары, практика жетекшілері
Қараша Колледжішілік құжаттамалар жағдайы	Журналдар, оқу жоспарларын орындау жағдайы	Құжаттамаларды жүргізу сапасы	шолу	Әңгімелесу	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Оқыту сапасы	1. 2018-2019 оқу жылы қорытындысы бойынша жылғы өткен аралық аттестаттау қорытындысына сараптама. Проблемалар және оларды шешу жолдары. 2. Жеке бағдарда оқыту сапасын арттыру құралы ретінде оқу-тәрбие үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технология енгізу 3. Жаңадан келген және	1. Оқыту сапасын арттырудың проблемалары және жолдары. 2. Оқу-тәрбиелеу жұмысын жетілдіру 3. Жаңадан келген	Жаппай	Әдістемелік кеңес	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

	жаңа қабылданған оқытушылардың сабақтарына қатысуды талдау. 4. Сабақтан үлгермейтін оқушыларға ескерту жасау бойынша жұмыс жүргізуді ұйымдастыру	және жаңа бастаған оқытушы әдістемелік көмек көрсету Білім сапасын арттыру			
Тәрбиелеу үрдісінің сапасы	Жаңадан қабылданған студенттердің бейімделуін талдау. Топ жетекшілерінің құқық бұзудың алдын алу бойынша жұмыс жүргізу	Жаңадан келіп түскен оқушыларға жағдай жасау бойынша жұмыс ұйымдастыру.	Жаппай		Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, психолог
Әдістемелік жұмыс жағдайы	Жаңа стандарттарға сәйкес оқу-әдістемелік кешен құрастыру	Оқу процесін әдістемелік құралмен қамтамасыз ету	Жеке	Әңгімелесу	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Психологиялық қызмет көрсету	Психологиялық практикум	Ұсынысты жасау және талдау	Тақырыптық	Әдістемелік кеңес	Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары
Колледждің тазалық жағдайы	Жылу режимінің жағдайы	Оқу-тәрбие үрдісін өткізу үшін жақсы жағдай жасау	Жаппай	Директор	Директор
Желтоқсан Колледж ішіндегі құжаттар жағдайы	Оқу жоспарларының орындалуы, журналдар жағдайы, сағаттардың орындалуы	Журналдарды жүргізу сапасы және оқу жоспарларын орындау	Шолу	Әңгімелесу	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ПЦК төрайымы
Оқыту сапасы	1. Оқушылардың сессияға дайындығы, оқу сапас 2. Арнайы пән оқытушыларының ашық сабақтарына қатысудың талдауы	Арнайы пән оқытушыларының жұмыс тәжірибелерін талдап қорыту және енгізу		Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жанындағы отырыс	Бөлім меңгерушілері

Әдістемелік жұмыстың сапасы	1. Аттестатталатын оқытушылардың ашық сабақтарына қатысудың талдауы 2. Аттестатталатын оқытушылардың оқу-әдістемелік қызметтерін талдау және үйрену	Педкадрларды аттестаттау Аттестациялау комиссиясының отырысы		Аттестациялау комиссиясының отырысы	Аттестациялау және сараптау комиссиясының мүшелері
Колледждің тазалығы	Жылу режимінің жағдайы	Оқу-тәрбие жұмысын өткізу үшін жақсы жағдай жасау	жаппай	Директор жанындағы отырыс	Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары
Қаңтар Колледжішілік құжаттар жағдайы	Сағаттарды оқу және бағдарламаларды орындауды бақылау	Оқу бағдарламалары мен есеп жоспарларын орындау	Шолу	Әңгімелесу	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
